

Мемлекеттік қызмет паспорты
«Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау»

1	Көрсетілетін қызметті беруші	барлық үлгідегі және түрдегі мектепке дейінгі ұйымдар
2	Көрсетілетін қызметті тұтынушылар	Жеке тұлғалар
3	Көрсетілетін қызметтің нысаны	қағаз түрінде.
4	Көрсетілетін қызметті ұсыну орны	1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі;
5	Жұмыс кестесі	<p>Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбі мен жұма аралығында белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес сағат 13.00-ден 14.00-ге дейінгі түскі үзіліспен сағат 09.00-ден 18.00-ге дейін.</p> <p>Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін беру сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 09.00-ден 17.30-ға дейін жүргізіледі.</p> <p>Мемлекеттік қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетусіз, кезек күту тәртібімен көрсетіледі.</p>
6	Қажетті құжаттар	<p>1) өтініш (еркін нысанда);</p> <p>2) Білім басқармасы, аудандық, қалалық білім бөлімдері, ауылдық жерлерде – әкім берген жолдама;</p> <p>3) сәйкестендіру үшін көрсетілетін қызметті алушының (ата-анасының бірінің немесе заңды өкілінің) жеке басын куәландыратын құжаты (түпнұсқа және көшірме);</p> <p>4) баланың денсаулық паспорты;</p> <p>5) баланың денсаулығы туралы анықтама</p>
7	Көрсетілетін қызметтің құны мен ақы төлеу тәртібі	Мемлекеттік қызмет жеке тұлғаларға тегін көрсетіледі
8	Көрсетілетін қызметті көрсету мерзімі	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері: құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап – 30 минут; құжаттарды қабылдау сәтіне дейінгі күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 минут; қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 минут.
9	Көрсетілетін қызметтің нәтижесі	баланың ата-анасының бірінің немесе заңды өкілінің өтініші негізінде баланы мектепке дейінгі ұйымға қабылдау

10	Нормативтік-құқықтық актілер	«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласында жергілікті атқарушы органдар көрсететін мемлекеттік қызметтер стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2015 жылғы 7 сәуірдегі № 172 бұйрығы
11	Қосымша ақпарат алуға болады	Интернет ресурстарда www.edu-bko.gov.kz «Білім саласындағы мемлекеттік қызметтер» бөлімінде «Мектепке дейінгі және орта жалпы білімді дамыту бөлімі» бөлімшесінде, 87112260465 телефоны бойынша

Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органдарының, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану жазбаша түрде www.edu.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылған ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы басшысының атына беріледі.

Көрсетілген қызметті алушының шағымында оның тегі, аты, әкесінің аты, пошталық мекенжайы, күні көрсетіледі. Шағымға көрсетілген қызметті алушы қол қояды.

Көрсетілетін қызметті берушінің ауданның (облыстық маңызы бар қаланың), жергілікті атқарушы органының мекенжайына келіп түскен мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қарастыруға жатады.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға жүгіне алады.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қарастыруға жатады.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқылы.